

«Голодомор который произошел в результате коллективизации унёс по меньшей мере, не менее 3 млн. жизни казахов» - так считает, Х. М. Абжанов, директор института истории и этнологии им. Ш. Уалиханова. Можно сказать, что в этот период одна шестая часть коренного населения навсегда покинула историческую родину. Из 3,5 млн казахов 1897 года составивших 82 % населения края, к 1939 году остались всего 2,3 млн, их удельный вес в составе населения республики упал до 38 %. Остальные 62%, были переселенцы из России, Украины, Белоруссии и других регионов страны. В 1928-1939 годах механический прирост населения городов Казахстана за счет миграции составил 1.8 млн. человек [3].

Список литературы:

- 1 Бишев С.Б. Очерки экономической истории Казахской ССР — Алма – Ата, 2007. – 595 с.
- 2 Баишев С.Б., Дахшлейгер Г.Ф., Нусупбеков А.Н — История Казахской ССР Эпоха социализма — М.: Академия Наук, 2007. – 279 с.
- 3 <http://bibliotekar.kz/istoriki-kazahstana-za-9-klass-nachalo-x/-16-17-industrializacija-v-kazahstane-19.html>

АРҒЫН АЛТАЙ АРАЛБАЙ БАТЫР

Жанғалиұлы Ж.

Ғылыми жетекші: Баймагамбетова А.А.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Zhan_bagrov@mail.ru

Қазақ тарихын, оның ішінде алты алаштың ерлік, батырлық тарихын түгендеп, бір ізге түсіру үшін арғы-бергіде елдің есендігін, жердің бүтіндігін қорғаған, есімдерін халық ардақтаған қаһармандардың өмірін ыждаһаттылықпен зерттеуіміз керек. Сол тарихты парақтай жүріп, бағзы дәуірлер мен уақыт керуеніне ілесіп, көшіп кеткен ғасырлардағы ірі тұлғалар жайлы деректерді біз де бір кісідей жинадық. Осындай тұлғалардың бірі – Аралбай батыр. Аралбай бабамызға қазақ шежіресінің желісімен келейік. Арғыннан Қотан, одан Дайырқожа (Ақжол би), одан Қарақожа батыр, одан – Мейрам сопы. Мейрам сопыдан – Қуандық, одан – Алтай, одан – Мойын, одан – Рахпанқұл, одан Әлібек. Әлібектің бірінші әйелінен Ақша, Аралбай, Бекше, Төлес (Тілес) туады.

Аралбай батыр Әлібекұлы - (шамамен 1685-1778;), есімі ел аузында қалған белгілі батыр. Арғын тайпасының Алтай руынан тарайды. Аралбай Қарпық Барғана батыр, Найман Наймантай батырмен үзеңгілес дос болған. ұрпағы он бір-он екінші атаға жеткен ру аты Аралбай батыр есімімен аталады

Аралбай батыр Қанжығалы Бөгенбай батырдың Айбике (кейін мінезіне орай Көжек атанған) деген қарындасын алған. Одан Өмір деген бір ғана ұл туған. Аралбайдың бәйбішесі Айса ұлы жүз Сиқым-Жаныс Төле биге аталас адамның қызы болған. Одан туған Құттыбай, Жоламан, Тоты балалары рулы ел Сырт Аралбай атанады, Аралбайдың үшінші әйелі Тансұлу Танақызы, одан Байтоқа, Сеңкібай, Бәйтелі, Жабағы, Жабық туған. Бұлардың әрқайсысы рулы ел, бір-бірімен қыз алысуға жеткен[1.234].

Қазақ халқының тағдыр-талайында ерліктің айбынын көрсетіп, елдің қорғаны болған тарихи тұлғалар шоғырындағы дулығалы батырлардың алар орны ерекше. Аты аңызға айналған сондай ержүрек жанның бірі, XVIII ғасырдағы Қазақ елінің жоңғарларға қарсы ұлт-азаттық соғысындағы көрнекті қаһарманы — Аралбай батыр Әлібекұлы. XVII – XVIII ғасырлар қазақ халқының жауын бірде жеңіп, бірде жауынан өзі жеңіліп өткізген толассыз шайқасымен, тәуелсіздік үшін жан алып, жан берген ерлік күресімен сипатталады. Есім, Салқам Жәңгір, Қарасай, Көшек, Шерубай батыр және басқа батырлар туралы жырлар, аңыз-

әңгімелер бұл тұста жастың жүрегінде, қарттың есінде еді. Аралбай батыр бір жағынан осындай теңдессіз бай рухани ортада өсті. Екінші жағынан көзін ашып көргені елге үстемдігін жүргізген басқыншы жаудың зорлығы мен зомбылығы болды. Мұның өзі жүрегінде оты бар жасты туған елін, ата-мекенін жаудан азат ету туралы алыс арманға, тұтас халық ардақ тұтқан асыл мұратқа бастады, ата жолын қуып, батыр болуға құлшындырды. Әлібекұлы Аралбай ат жалын тарта бастағанда Тәуке ханның батыры болған[2].

Аңыз әңгіменің бірінде Тәуке хан Қанжығалы Бөгенбай батырға "қалмаққа аттанамыз, қол жина" деп жарлық береді. Бөгенбай Арқадағы аты шығып жүрген жас перен батырлар Алтай Аралбай мен Тоқа Барғанаға "сарбаз жинап, тез жетіндер" деп сәлем айтады. Ол екеуі Арқадағы қоныстанған ауыл-ауылды жағалап, жігіт жинайды. Тарақты Наймантай батырдың азамат балалары соғыста шейіт болып, батырдың қартайып отырып қалған кезі болса керек. Аралбай мен Барғана Наймантай батырға соқпай кетсек өкпелер, сәлем беріп, батасын алайық, қосатын жігіті болса оны көрейік, деп Наймантайдың аулына келеді. Балқаштың ну қамысының ықтасына қонған екен. Күздің қара суығы. Батырға сәлем беріп, келген жайларын айтады. Наймантай батыр: "Балаларымның бәрі қалмақтармен болған қақтығыста қаза болғанын өздерің білесіңдер. Өзімнің түрім мынау. Он үш жасар балам бар соны қосайын" дейді. "Батыр екеңі-ау, тойға бара жатқан жоқпыз, соғысқа барамыз. Он үш жасар баладан бізге не пайда, батаңызды берсеңіз болады", - депті Аралбай мен Барғана. "Қомсынсаңдар ертпей-ақ қойыңдар. Бірақ менен туғаны рас болса, сендерге масыл болмас",- дейді Наймантай батыр. "Батыр ата, он үште отау иесі болғанымен, жауға шауып, аруақ шақыру бұғанасы қатпаған балаға оңай болмас. Сонша сенім артатын балаңыздың не қасиеті бар",- дейді Аралбай. "Оған атамның аруағы қонған ба деп топшыладым. Кеше талай жорыққа мінген, қоса жасасып келе жатқан жалғыз атымды жолбарыс жарып кетіпті. Соған назаланып енді мені даланың тышқаны да басынғаны ғой деп налып жатып қалдым. Менің күйзелгенімді көрген балам үйден шығып кетіп еді. Қамыс жаққа кетіп бара жатқан баласына шешесі қайда барасың десе, атамның атын жарған тышқанға барам депті. Барма, жазым қылады дегеніне көнбей, кетіп қалыпты. Қатыным: "Қу қақпас, енді қалған жалғыздың түбіне жететін болдың. Анау атамның атын жарған тышқанды өлтірем деп кетті" деп дауыс қойды. Шыдай алмай садағымды алып, баланың ізімен қамыс ішіне кірдім. Жолбарыс атты жарған жерінен ұзамаған екен. Артында келе жатқан мені бала сезер емес. Жолбарыс оны көріп, құйрығын шапақтап, қарсы қарап жатып алды. Аңға атыларда пәтшағар сөйтеді ғой. Бала не қылар екен байқайын, жолбарыс шапса атып қалайын деп, садағымды кезеніп тұра қалдым. Балам барып жолбарыстың үстіне атша мінді де, кездігін өкпесіне сұғып алды. Жолбарысты қозғалтпай буып тастаған баламның аруағы бар екен деп Құдайға тәубе қылдым. Ана ілулі тұрған соның терісі",- депті Наймантай батыр. Сөйтіп, Байқозы батырдың атағы 13 жасында қалмақтармен айқаста шыққан екен[3.194].

Аралбай батыр 1726 жылғы Бұланты, 1729 жылғы Аңырақай шайқастарына қатысқан. Тәуке хан өлгеннен кейін Әбілмәмбет ханның батыры болған. Абылай қолдаған. Әдеби – тарихи деректер мен ел есінде сақталған аңыз-әңгімелер Аралбай батырдың бүкіл халықтың ықыласына бөленіп, мақтанышқа айналуы 1727-1742 жылдардың шамасы екендігіне мегзейді. Қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қатарынан бірнеше рет қатты соққы беріп, ақыры үлкен жеңіске жетуі осы уақытқа сәйкес келеді. 1740 жылы ойрат әскері Сарыарқаға қарай төгілді. Жауды күтіп сақадай сай отырған Абылай қолы қарсы шабуылға көшті. Бірнеше салмақты ұрыстарда жау қолын ойсырата жеңген қолдың басында "Алтайлап!" - жауға қарсы шауып, Қазақ туын жоғары көтерген Аралбай, Қызылқұрт, Нияз, Шерубай, Тауасар батырларға риза болған төбе би Төленің "Арғын болсаң Алтай бол!" - деп шын жүрегінен бата беретіні осы жолы болса керек.

«Аралбай» руы «Арғын-Қуандық-Мойын» ру-тайпасының бір негізгі тармағы болып саналады. Аралбай батырдың төрт әйелінен 11 ұл туған. Аралбай атасынан тоғыз әулет таралады. Үшінші баласы Тотыдан және бесінші ұлы Темірден ұрпақтар жоқ. Сондықтан

«Аралбай» руынан тараған тоғыз ата шежіресі қарастырылған, яғни «Құттыбай», «Жоламан», «Өмір», «Байтоқа», «Бәйтелі (Жәнекең)», «Сәңкібай (Шанаң)», «Жабағы (Танаң)», «Жабық (Бөпең)», «Ботақан-Барақ». Бізге жеткен аңыздар бойынша, кезінде батыр бабамыз жер қайысқан жылқыға өріс іздеп, көктемге қарай сонау қиырдағы Түменге, қар жауа қияндағы Ұлытауға бет түзеген. Сондай алыс сапарлардың бірінде 86 жасында (1686-1772; кейбір деректерде 1685-1778) Ұлытаудағы қыстағында көз жұмыпты. «Рухы осы жерде мәңгі дамыл тауыпты» - дейтін көнекөз, көкірегі ояу аталарымыз[4.29].

«Тұлпардан тұлпар туады, сұңқардан сұңқар туады» демекші, Аралбай батырдың ұрпақтарынан елге беделді, атақты адамдар шыққан: Байғозы Батыр, Бәйтелі батыр, Әбдіғазизұлы Балтабай филология ғылымдарының докторы, профессор, Битабар балуан, Жуанаяқ балуан, Тоғамбай балуан, Жантайбайұлы Мұхамадия әнші, композитор, Битабаров Шайхымардан балуан, Жарылғапұлы Бақи, Болат, Ғалым спортшылар тағы басқалары.

Битабар Елубайұлы (Битабар балуан) (1880-1965), Ортау болысы, Жалғызғаш деген жерде туған. Арғын тайпасы Қуандық руының Мойын Аралбай бөлімінен шыққан. 16 жасынан бастап балуанға түскен. 17 жасында Алтай-Қарпық руында жауырыны жерге тимей жүрген Быдықтың Әшімі деген балуанды, 1898 ж. Найман Құттыбайдың асында Қаракесек-Баймұрат Бертістің Құлжанбегін жығады. 1902 жылы жаз айында Аралбай Ерденбайдың досы Балуан Шолақ келіп Алтай-Қарпық елін аралап өнер көрсетеді. Ерденбайдың інісі Битабармен күш сынасып риза болған Балуан Шолақ батасын береді. Жанына ертіп жүріп күрес әдістерін үйретіп, жас балуанды күреске түсіріп қызықтайды. «Бұл Ғалияның інісі, өзіме тартқан балуан» деп мақтайды. Битабар 1926 жылы Барқы-Нияз Иса қажының асында Ақмола уезіне аты жайылған Қарпық-Серкебай руының Асар деген балуанын жығады. Қаракесек Смағұл қажының асына Ақмола, Қарқаралы уезі түгел жиналған. Сонда Қарқаралының аты Алатау-Арқаға мәлім атақты балуаны Шәкірбектің жауырынын жерге тигізеді. Ерен күшімен жастайынан көзге түсіп, Қарағандының шахталарында, кейін Мойынты-Шу темір жолының құрылысында еңбек еткен. Битабар палуан күреске түсумен қатар гиртас көтерумен де айналысқан, күрес тәсілдерін жастарға үйретіп, оларды палуандық өнерге баулыған. Ол жаттыққан бір гиртас қазір Қарағанды облысы Шет ауданы Ортау ауданындағы мектепте сақтаулы тұр. Битабар палуан белгілі қазақ палуандары М.Боқаев пен Ә. Сәлімбаевтың ұстазы болған.

Әбдіғазизұлы Балтабай– филология ғылымдарының докторы(2001), профессор(2001), Педагогикалық білім беру халықаралық ғылым академиясының академигі(2009), Халықаралық Шыңғыс Айтматов академиясының академигі, «Білім беру саласының құрметті қызметкері»(2009), Семей мемлекеттік педагогикалық университетінің құрметті профессоры(2012).

1952 жылдың 30 тамызында Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданында дүниеге келген. 1974 жылы қазіргі әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірген.

1974-1978 жылдары республика Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында, 1978-1987 жылдары республикалық бұқаралық ақпарат құралдары саласында («Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан» газеттері, «Жалын» журналы) қызмет атқарады.

1987 жылдан қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде қызметте: 1987-1990 жылдары аспирант, 1990-1993 жылдары оқытушы, 1993-1997 жылдары университеттің қазақ филологиясы факультетінің деканы, 1997-2008 жылдары қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, 2008-2013 жылдары филология факультетінің деканы. 2013 жылдан халықаралық Түркі академиясының ғалым хатшысы.

1990 жылы «Абай дәстүрі және Шәкәрім поэзиясы» деген тақырыпта кандидаттық, 2001 жылы «Шәкәрім шығармашылығының дәстүрлік және көркемдік негіздері» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған. 2001 жылы оған профессор атағы беріледі.

Ұзақ жылдар бойы филология ғылымы бойынша кандидаттық диссертациялар қорғалатын диссертациялық кеңестің төрағасы ретінде республикада әдебиеттанушы ғалымдар даярлау ісіне үлес қосты. Профессор Б.Әбдіғазизұлының ғылыми жетекшілігімен 11 кандидаттық және 1 докторлық диссертация қорғалды.

Филология ғылымдарының докторы Б. Әбдіғазизұлының қаламынан туған 5 монография, 14 оқулық, 5 оқу құралы, 3 әдістемелік нұсқау, 4 типтік бағдарлама, 200-ден аса ғылыми мақалалары жарық көрді.

Әдебиеттанушы ғалым Б.Әбдіғазизұлының басты зерттеу тақырыбы төл әдебиетіміздің тарихындағы аса көрнекті ақын, ойшыл философ Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылық мұрасы болып келеді. Шәкәрімнің есімі мен шығармалары идеологиялық құрсауда жабық жатқан кезден бастап осынау қазынамызды түбегейлі зерттеуді қолға алған ғалым бүгінге дейін ол туралы бірнеше іргелі еңбектерді дүниеге әкелді. Шәкәрімнің шығармашылығы туралы тұңғыш рет кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғады.

Профессор Б.Әбдіғазизұлы соңғы жылдары Қытай Халық Республикасының Құлжа қаласындағы Іле педагогикалық университетінде және Вьетнам Социалистік республикасындағы Ханой университетінде Абай ғылыми-танымдық орталықтарын ашу ісіне ұйтқы болды.

Аралбай батыр Ұлытау жерінде жерленген. 2009 жылы батырдың ұрпақтары ас беріп, мазарын жанартып, өңірде ескерткішін ашқан.

Мен Жанғалиұлы Жандос, Аралбай батырдың сегізінші ұрпағымын. Яғни: Аралбай – Жабағы – Жаңабай – Жәнібек – Жұман – Абдіғазизұлы – Балтабай – Жанғали – Жандос.

Список литературы:

- 1 Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2006.
<https://egemen.kz/article/14567-aralbay-batyr>
- 2 Смайыл Қ. Аралбай батыр - Таңсұлу Ана: роман/Қалкен Смайыл. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. 368 б.
- 3 Аралбай батыр шежіресі. - Астана: Фолиант, 2011. ISBN 978-601-271-087-8

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ КІСІЛІК КЕЛБЕТІ

Байғазиева Н.

Ғылыми жетекшісі: тарих магистрі Смағұлов Н.Б.

Академик Е.А. Бөкетоватындағы Қарағанды университеті

Терең білім, ұлт тарихына құрмет, қазақ халқының азаттығы мен құқығы үшін күрес – «Алаш» қозғалысының жетекшісі Әлихан Бөкейханның кісілік келбетінің бір қыры ғана. Әлихан Бөкейхан – ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ даласында кеңінен қанат жайған ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысының негізін қалаушы және жетекшісі, Алашорда ұлттық автономиясы Халық кеңесінің төрағасы болды. Қошмұхаммед Кеменгерұлы (Қошке Кеменгеров) «Қазақ тарихынан» деп аталатын тарихи очеркінде: «Үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат тобы болды» [1]., – деп Алаш» қозғалысы жетекшісінің іс-қимылы мен рөліне қазақтың қазіргі заманғы тарихында алғаш рет баға берілгендігін көреміз. ХХ ғасырдың бас кезіндегі саясаткерлердің бірі, тарихшы, журналист, жазушы және драматург Қошмұхаммед Кеменгерұлы бұл очеркін 1922 жылы аяқтап, 1924 жылы Мәскеудегі СССР халықтарының орталық баспасынан шығарды. Сондықтан да, ғылыми мақаламыздың мақсаты қарастырылып отырған тақырыпқа тәуелсіздік биігінен қарап, өзектілігіне мән